

- 2 Brutyan, L.G. (2015) *Govorim, ne govorya (Neverbal'naya kommunikatsiya v raznykh kul'turakh)* [We speak without speaking (Nonverbal communication in different cultures)], Yerevan. [in Russian]
- 3 Qaydar, A. *Qazaqtar ana tili aleminde (étnolingvistikalıq sozdik)* (2009) [Kazakhs in the mother tongue world (ethnolinguistic dictionary)], Almaty. [in Kazakh]
- 4 Khudoyberdiyeva, D.Ch. (2009) *Etnolingvisticheskiy i strukturnyy analiz leksiki zhenskoy odezhdy i mody v raznosistemnykh yazykakh (na materiale russkogo, tadzhikskogo i angliyskogo yazykov)* [Ethnolinguistic and structural analysis of the vocabulary of women's clothing and fashion in languages of different systems (based on the material of Russian, Tajik and English languages)] Dushanbe. [in Russian]
- 5 Wang Dan. Russian and Chinese lexeme “clothes” / Wang Dan // Traditions and innovations in the teaching of Russian language and literature: mater.reports and messages of the XVI International scientific method.conf. (SPb.: SPGUTD, 2011). [in English]
- 6 Shamigulova, A.T. *Leksika odejdi i ukrashenii v bashkirskom yazıke* (2015) [Vocabulary of clothes and decorations in the Bashkir language], Ufa. [in Russian]
- 7 Imamkulova, S. I. (2022). Intensity of word meanings and lingua-culturology. Eurasian Journal of Academic Research, 2(2), 344-348. [in English]
- 8 Karina Kolesnikova (2023). The notion of linguocultureme and its types. American Journal of Research in Humanities and Social Sciences, 12, 19–21. Retrieved from <https://americanjournal.org/index.php/ajrhss/article/view/795> [in English]
- 9 Janibekov, O. *Uaqyt kerueni* (1992) [Time caravan], Almaty. [in Kazakh]
- 10 Qunanbayulı, A. *Shygarmalarınyn eki tomdıq tolıq jinagy* (2005) [Complete two-volume collection of his works], Almaty. [in Kazakh]
- 11 Muratova, G. *Abay tili jane qazaq tili biliminin maseleleri* (2021) [Problems of Abai language and Kazakh language education], Nur-Sultan. [in Kazakh]
- 12 Mankeeva, J. *Qazaq tilindegi etnomadeni ataulardıń tanımdıq negizderi* [Cognitive bases of ethnocultural names in the Kazakh language], (Almaty, 2008). [in Kazakh]
- 13 Janpeyisov, E. *Qazaq eskiliktery* [Kazakh antiquities]. (Almaty, 2018). [in Kazakh]

Received: 22.01.2024

MFTAP 16.21.51

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss1pp145-156](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss1pp145-156)

**Д. Оспанова<sup>1</sup>, А. Раева<sup>1</sup>, Т. Акташ Өзкан<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

<sup>2</sup>Измир демократиялық университеті, Измир, 35000, Түркия Республикасы

### **«ИТ ЕКЕНСІҢ!» – ҚАЗАҚ-ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕ ХАЙУАН АТТАРЫНЫҢ ЭМОТИВТІ КОННОТАЦИЯСЫ ҚАНДАЙ?**

*Мақала қазақ және түрік тілдеріндегі хайуан аттарының эмотивті коннотациялық семантикасын талдауға арналған. Зерттеушілер тіл және эмоция арасындағы өзара байланысқа қатысты ой түйіндегенде, әдетте эмоцияны сипаттаушы сөздерге басымдық беріп жатады. Ал бұл зерттеу мақаламызда эмоциялардың тілдік дыбыстық формаларынан бастап, лексика және семантикасына, онымен қоса тілдесімдегі көрінісіне дейін тілдің түрлі құрылымдарымен жымдаса байланыс құратынын көрсетуге тырыстық. Мақаланың мақсаты – қазақ және түрік тілдік-мәдени алаңында зооним негізді эмотивтердің тілдесім кезіндегі ситуацияға әсерін анықтау, эмотивтердің әлеуетін, әр сөздің екі түрлі мәдени түйсікке сай эмотивті реңін көрсету. Осыған байланысты көрсетілген мақсатқа*

*зерттеудің сауалнама алу, контент анализ, тақырыптық талдау, статистикалық талдау, жинақтау, бақылау, саралау, сипаттау, салыстыру әдістері, т.б. лингвомәдениеттанымдық, психоллингвистикалық амал-тәсілдер қолданылды. Яғни жұмыстың материалы ретінде 158 қазақ, 144 түрік өкілінен (барлығы – 302) алынған сауалнама нәтижелері қолға алынып, талданды. Эмотивті зоонимдерді бұл бағытта талдау адамдардың белгілі жануардың мінез-құлықтық ерекшеліктерін өзіне көшіріп, сол арқылы белгілі жағымды, бейтарап немесе жағымсыз эмоцияларды беретін эмотивтердің ұлттық-мәдени айырмашылықтары мен ерекшеліктерінің ашылуымен қызық әрі лингвистикалық тұрғыдан өзекті. Жұмыс нәтижесінде қай тілде қай хайуан атының жиі әрі эмотивті қызметте жұмсалатынын, әрқайсысының мәдени-ұлттық қолданылу ерекшелігі көрсетілді.*

*Кілт сөздер: эмотивтер, эмотивтілік, коннотация, зооним, түркі тілдері, қазақ тілі.*

## НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Зерттеу жұмысы лингвомәдениеттанымдық зерттеулер бағытында жүргізілді. Дәлірек айтқанда, мақалада түркі тілдеріндегі хайуан аттарының қолданылуының психологиялық, семантикалық аспектілері қарастырылды. Заманауи зерттеулердегі адамөзекті тұрғы басымдық осы зерттеуде де негізге алынды. Аталған бағытта жүргізілген зерттеулерді пайдалана отырып, жаңаша көзқарас пен амалдардың көмегімен жаңаша зерттеу ортаға қойылды. Хайуан аттарының тілдегі мәдени концептілік сипаты мен лексика-семантикалық ерекшеліктері тілдесімде адам эмоциясын дәл беруде маңызды рөл атқарады. Түркі тілдері тіл білімі саласында тіл өкілдерімен байланыс жасай отырып жасалған зерттеу жұмысының нәтижелері осы бағыттағы зерттеулерге оң бастама бере алады.

## КІРІСПЕ

Адамзат сөзбен ойлайды [1, 7]. Егер адамдар сөз арқылы ойланбаса, олардың бір-біріне айтары да болмас еді. Демек сөз қоғам өміріндегі маңызды құрал болса, адамдар сол арқылы өзгелермен сөйлесіп, тіпті өзгелердің ойын да біле алмас еді [2, 56]. Кез келген адам ойын тіл арқылы жеткізеді десек, онда эмоциялардың да адам санасында белгілі қалыптары (сөздерде) бар дей аламыз. Себебі бір эмоциялық күйде басынан кешірген адам оны шығару үшін сөздерді қолданады. Бұл сөздер *эмотивтер* болады [3, 23]. Қазіргі таңда бұл бағыттағы мәселелер өз маңыздылығымен көптеген зерттеулердің нысанына айналуға. Эмоцияның тілдегі көрінісі лингвистикалық тұрғыдан, лингвомәдениеттану, сондай-ақ социоллингвистикалық тұрғыдан да өзекті [4, 19].

Тілдегі зоонимдердің, зооним компонентті фразеологиялық тіркестердің эмотивті қызметте қолданылуын, олардың құрылымдық семантикалық ерекшеліктерін сипаттау олардың негізгі (кілттік) компонентінің статусын қайта қарауымызға, қазіргі тілдік қолданыстағы белсенділігі мен мәдени танымдық мазмұнына мән беруімізге мүмкіндік береді. Себебі қазіргі таңда тіл біліміндегі зерттеулер антропоцентристік деңгейде адамның эмоциясының берілуі, қабылдануы, білдірілуі, сондай-ақ эмоцияны білдірудің тілдік құралдарын зерделеуге арналған жаңа көппарадигмалы кезеңге аяқ басты. Осыған орай дәстүрлі тілдік материалдарды талдаудың құрылымдық-семантикалық және лингвокультурологиялық тәсілдемелерін қамтуы, тілдегі зоонимдердің эмоцияны білдіруде қолданылуы ерекшеліктерінің арнайы зерттеудің жеткіліксіздігі зерттеу жұмысының өзектілігін көрсетеді.

Кез келген тілдің сөздік құрамының маңызды мәдени құрамдас бөлігі болып табылатын зоонимдер бізді көпөлшемді құбылыс ретінде қызықтырады. Зоонимдер адамның әлеуметтік және психологиялық ерекшеліктерін сипаттаумен қатар, көңіл-күйді сезімді білдірудің тілдік құралы бола алады. *Эмотивтер* – қарапайым тілмен айтқанда, эмоцияны білдіруге арналған тілдік бірліктер. Ғылыми түсініктемен толықтырар болсақ, В.И.Шаховский эмотивті семалар (эмосема) сөздің денотативті семасымен әралуан қатынаста болатынын [3, 829] дәлелдейді.

Сөздің семантикалық валенттілігі сөзде эмосемалардың пайда болуы себебінен кеңейіп отырады. Осылайша сөздің жаңа, қосымша эмотивті валенттілігі пайда болады дей аламыз. Бұл терминді ұсынған ғалым В.Шаховский анықтауынша, олар белгілі бір лексикалық бірліктің басқа бірліктермен анық немесе жасырын эмосемалар негізінде эмотивті байланысқа түсе отырып, эмотивті қызмет атқарады [3, 117]. Осындай қызметті біз тілдегі хайуан аттарының жағымды және жағымсыз лебіздерді білдіруге қолданылу өнімділігінен де көреміз. Тілде жылдар бойы қалыптасқан белгілі бір хайуандарға қатысты ой-түсініктері белгілі тіркестер мен қалыпты сөйлемдерде сақталып, адамдардың өте ықпалды, эмоционалды ішкі күйін білдіруде жиі қолданылып отыратыны белгілі. Хайуан аттарының ондай қызметі – эмотивті коннотациялық мәнге ие. Себебі ол адамның хайуан атын өзге адамға не құбылысқа (зат) қатысты қолданып, соған балауы ішкі сезімнің шекарасын, деңгейін, тереңдігін дәлдеу үшін қолданады. Осы орайда Г.Смағұлованың мына пікірі бұл ойымызды одан әрі айшықтай түседі: «Адамдық қасиет мінез-құлық, жүріс-тұрыс ертеңнен қара кешке дейін малмен көз ашқан ұлттың мәдени тілшілігінде осындай ұлттық-мәдени лексикамен оның семантикалық қырларынан көрінуі заңды». [5, 225].

Бұл бағытта Альба Джуез [6] эмоцияның дискурстық анализ тұрғысынан зерттесе, Шаховский [7] осы эмотивті лингвистика саласының негізін қалаушы ретінде зоолексиканың ұлттық және мәдени ерекшеліктерін коннотациялық концепция тұрғысын да қарастырады. Дегенмен зоолексиканың тілдесім кезінде ие болатын эмотивті әлеуеті, тыңдаушыға әсер ету тұрғысынан және зоонимді эмотивтердің өн бойында сақталған ұлттық-мәдени эмотивті мағынаны байланыстыра отырып талдау осы мақалада алғаш рет жүргізілді.

Зерттеу жұмысы 3 кезенді қамтыды:

1) Зерттеу бағытына сай екі тіл өкілдеріне бейімделген сауалнама материалдарын әзірлеу;

2) Мақсатты аудиторияны даярлау және сауалнама алу;

3) Жиналған сауалнама материалдарын іріктеу, талдау және нәтижелерін шығару.

Осыған орай мақаланың міндеті ретінде *ауызекі тілдегі зооним негізді эмотивтердің тілдесім кезіндегі эмотивтік әлеуетін көрсету және олардың интенционал, импликационал ерекшеліктерін сипаттау* алға қойылды. Сол арқылы *зоонимдерді ұлттық-мәдени концептуализация тұрғысынан талдау* көзделді.

Мақала құрылымдық жағынан тіл біліміндегі эмотивті лингвистика теориясы мен оның лингвомәдени аспектілеріне және негізгі фундаменталды еңбектерге шолу жасаудан басталады. Келесі бөлімде материалдың таңдалу себебі, материалдар, сонымен қатар зооним компонентті эмотивтерді теру, анализдеу жолдары сипатталды.

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Эмоцияны лингвомәдени тұрғыдан зерттеуде Жендуоның (Zhenduo) [8] және Годдарттың (Goddart) [9] эмоцияның мәдени спецификасы мен универсалийлерін зерттеу методологиясының тиімділігі дәлелденген, сол себепті табиғи семантикалық метатілдің (NSM) және концептуалды метафоралық тәсілдемелері тиімді деп табылды. Бұл әдіс бойынша қарапайым (жай) универсалды концепциялардың күрделі тілдік концепцияларын жасауға бағытталады [9]. Мұнда үш түрлі аспект бар: алғашқысы, NSM семантикалық анализі арқылы зеттеліп жатқан тілдердегі негізгі өзегі болатын сөздер жиынтығына назар салып, олардың нақты мәнін (мағынасын) анықтау арқылы біз әр халықтың ұлттық-мәдени моделін тануға қол жеткіземіз. Сондай-ақ екінші сауалнама нәтижелерін жан-жақты (грамматикалық, семантикалық, лингвомәдениеттанымдық талдау) салыстыру арқылы элементтер арасындағы семантикалық айырмашылықтарды анықтай аламыз. Өз кезегінде ол әр халықтың ұлттық-мәдени тұрғыдан эмотивті әлеуетін, негативті-позитивті деңгейін береді [10; 11]. Үшінші аспект – эмотивті аспект тұрғысынан, сол зоонимдердің жұмсалымдық өзіндік қызметі мен эмоцияны жеткізу әлеуетін анықтау.

Зерттеу жұмысының барысында мұның басқа да типтері айқындалуы мүмкін. Бұл бағыттағы зерттеулер зерттеу жұмыстарының аясы мен мақсаты, бағытына қарай жоғарыдағыдай біршама зерттеулерді, соның ішінде А.Вежбицкая, Ғ.Иманалиева [4], В.Шаховский [7], Ванхатало [10], Матиес Хартман [11], Жендуо [8], Годдарт [9] еңбектері жаңашылдық тұрғысынан назарға алынды.

Біз бұл мәселені зоолексика шеңберінде қарастырып, олардың ұлттық коннотативті-семантикалық ерекшеліктерінің дәл және алуан түрлілігі тұрғысынан анық көрінетін бірліктер ретіндегі маңыздылығын көрсетеміз. Осы мақсатқа сәйкес зерттеу жұмысында лингвомәдениеттік мазмұндағы сауалнама алынып, нәтижелері ұлттық-мәдени, лингвистикалық, семантикалық тұрғыдан талданды. Сондай-ақ мысалдар ағылшын мәдени тілдік материалдарымен салыстырылды. Яғни мақалада сауалнама жүргізу, семантикалық талдау, концептуалды, статистикалық талдау, тематикалық анализ, салыстыру, салғастыру әдістері мен тәсілдері қолданылды.

Материалдарға мазмұндық сипаттама берер болсақ: сауалнама қазақ және түрік тілдерінде бір мазмұнда дайындалды. Түркі тілдеріндегі зерттеулерге сүйене отырып, осы тілдік-мәдени ортада және тілдік қорда ең жиі кездесетін хайуан есімдеріне қатысты эмотивті коннотациялық түсінік, танымдарына қатысты сұрақтар қойылды. Әр сауалнама сұрағына жан-жақсы ой түйюіне көмек беретін ықтимал жауаптар ұсынылып, әр сұрақтан кейін дәл жауап таппаған жағдайда, өз нұсқасын жазатын бос ұяшықтар берілді. Респонденттің хайуан аттарына сай эмотивті қатынасын, оны тілмен жеткізу ерекшелігін, танымдық ерекшелігін байқау мақсатында әрбір хайуанға байланысты сұрақтардан кейін бірден дәл соған қатысты өз тілінде жиі қолданылатын эмотивті лебіздер мен тұрақты тіркес, мақал-мәтел, т.б. жазу тапсырмасы берілді. Бұл тапсырма да зерттеу жұмысына әр тіл өкілінің өзіндік дүниетанымына, тәжірибесі мен тілдік қорына сай кітаптарға түспеген, жанды жауаптар алуымызға оң ықпал етті.

Тіл біліміндегі дәстүрлі көзқарастарға сай тілдің тек денотатты қызметі ғана ақпаратты, ал В.Шаховский тілдегі эмотивті-экспрессивті бірліктер де семантикалық тұрғыдан белгілі мәнге ие екендігін дәлелдеп [7, 19], тілдің эмотивті және экспрессивті қызметі де ақпаратты, сол себепті қатысымдық тұрғыдан маңызды екендігін алға тартады. Мәдениетаралық қатынаста мәдени ортақтықтар мен айырмашылықтардың негізгі бейнесі тілде көрініс табады. «Оппозиция дружеская-недружеская межкультурная коммуникация предполагает синхронное знание ее правил в двух кодах, отдельно в каждом коде и в их межкодовой корреляции [7, 20]. Ванхатало, Улла, т.б. ғалымдар бұл бағытта фин тіліндегі «ашу, жеккөрініш, мұң және таңғалыс сезімдеріне қатысты сөздердің аналогтарын басты нысанға алып, метатіл негізіндегі табиғи семантикалық түсіндірмелері мен эмоционалды сөздер арасында сәйкестікті анықтайды [10, 6]. Бұл тектес зерттеулер эмоцияны білдіруде жалпылық лексиканы қолданбай-ақ өз сезімін білдіруге ықпал ететінін байқаймыз.

## НӘТИЖЕЛЕР

Эмотивті семантика лебіздің предметіне айтушының эмоционалды қатынасына қызмет ететін семаларда (эмосема) жанданады, субъектінің сөздің заттық-тұрмыстық мазмұнында өрбиді: мысалы, аққу – әдемілікке сүйсіну, аю – адамды ебедейсіздігі үшін ұнатпау, қасқыр – ашулы, кекшіл адам). Осылайша сөйлеушінің эмоциясы (жағымды, жағымсыз) айтушы тарапынан талғанып айтылған эмотивті коннотациялық компонентте көрініс табады. Әртүрлі тілдегі метафоралық, семантикалық қолданыстар зоолексиканың бірдей не ұқсас коннотациялармен қолданылуын жиі байқаймыз: мысалы, *қу түлкі* – sly as a fox; *ақымақ есек* – қаз.ауызша - есекбас, *арыстандай айбатты* – brave as a lion). Сондай-ақ осындай зоонимдердің эмотивті коннотацияларының алуандығы да бар. Бұған әр халықтың тұрмыс-тіршілігі, өмір сүру қағидалары, хайуандарға деген қатынастарының түрлілігі тұрғысынан да қарауымыз керек. Мәселен, ағылшын тілінде *мысық* сөзі «ашуланшақтық», «ұрысқақтық» коннотациясында жұмсалып, ауыспалы мағынада ашу (тырнауық, ұрысқақ) эмоциясын береді:

*\*As Nervous as a Cat in a Room Full of Rocking Chairs, Cool Cat, A Scaredy-cat, A Copy Cat, Dog My Cats, Mrs. MacAnder is a cat (J.Galsworthy): Миссис Мак-Эндер – злобная дрянь! melancholy as a cat. С. [7, 78].*

Сондай-ақ қазақтардың ұлттық танымында *мысық* көбіне жағымсыз коннотациямен айқындалатын тұрақты тіркестердің құрамында кездеседі. *Мысықтың* тышқан аулаудан басқа жұмысы жоқ. Тілімізде жағымды эмоционалдық баға беретін тұрақты тіркестің болмауы осыған байланысты болуы керек. Мәселен, *мысық көмбе қылық (мінез), мысық қылығы* тіркестері көңірсітіп, бықсытып жүрер, пыш – пыш әңгімесі бар, сасық кулығы бар кісі туралы әңгіме болғанда қолданылады: *Осының мысық көмбе мінезі құрысын! Бір нәрсені көңірсітеді де жүреді* (ауызекі тіл).

Зоонимдік коннотаттық семалардың астарындағы танымдық ақпараттар лингвомәдени қауымдастық мүшелерінің ойлау жүйесімен тығыз байланыста қарастырылады. Олай болатын себебі, дүниенің тілдік бейнесі, ұлттық болмыс, ұлттық мінез-құлық төл мәдениет төңірегіндегі ерекшеліктер танымдық ақпараттар мен аялық білімдер мазмұнында эксплицитті не имплицитті түрде көрініс табады.

Қазақ тілінде *мысыққа* қатысты «жылауық», кейде «ырылдақ», кейде «үркек» коннотацияларында қолданыс табады. Байқағанымыздай, бір зоонимге деген реакциялар алуан эмоционалды қатынасқа ие. Бір тілде жағымсыз коннотация, эмоция беретін зоонимдердің, екінші бір тілде ұлттық-мәдени ерекшеліктерге сай, мүлде басқа – жағымды әсер қалдырушы сөз болуы мүмкін. Оларды тілдерде тәжірибе арқылы қалыптасқан эмотивті бағалаудың қарама-қарсылығымен түсіндіре аламыз (1-2 кесте).

Қазақ тілінде 158 кісіден алынған сауалнамадан «мысық» хайуанының тілдесімде мәдени тұрғыдан көбіне жағымсыз мәндегі семантикасы басым екенін байқалды. Бұл басымдық ұйқыбас (66,3%), еріншек (28,1%), кірпияздық (42,7 %), алдамшы, ашушаң, жылауық сынды мәнде қолданылуында да жағымсыз эмотивті коннотацияларды көрсетті [12].

1- кесте: Мысық зооними (Қазақ мәдениетінде)

<i>Tembel</i>	18,5 %
<i>Uykucu</i>	25,4 %
<i>Temiz</i>	17,5 %
<i>Sahtekar</i>	6,9 %
<i>Ağlayan</i>	2,1 %
<i>Nankör</i>	4,2 %
<i>Uysal</i>	2,6 %
<i>Sevimli</i>	4,8 %
<i>Bencil</i>	1,6 %
<i>Sırnaşık</i>	1,6 %

*tembel* – еріншек, *uykucu* – ұйқыбас, *temiz* – таза, *sahtekar* – алдамшы, *sevimli* – сүйкімді, *nankör* – арамтамақ, *uysal* – көңгіш, икемделгіш, *ağlayan* – жылауық, *bencil* – менмен, *sırnaşık* – жалынып-жалбарынғыш.

2- кесте: Мысық зооними (Түрік мәдениетінде)

Ал енді сауалнамада берілген жауаптардың дұрыстығын, сол тілдегі хайуанның сол тілдегі эмотивті коннотациясын ашатын мысалдармен салыстырып көрелік:

Түрік тілінде *мысыққа* қатысты еріншек, ұйқыбас жақтырмау мәнді эмотивті реңкті лебіздерден мысалдар берер болсақ: *Kedi gibi 4 ayağının üstüne düşmüş (еріншек), kedi gibi gömüldün koltuğa yine (ұйқыбас), kedi ulaşamadığı ciğere mundar dermiş, süt dökmüş kediye dönmek, kedi gibi mirildama, kedi, kedi olalı bir fare yakaladı, kedi gibi yediğini inkar ediyor, onu azarladığı halde kucağına sığrayıp sakince kıvrılan kedinin merhametinden utanmıştı, çocuklar, sobanın yanına kedi gibi kıvrılmış yatıyorlardı* [12].

еріншек	39,3 %
<i>ұйқыбас</i>	18,1 %
<i>кірпияз (таза)</i>	30,7 %
<i>өтірікші</i>	3,5 %
<i>жылауық</i>	3,4 %
<i>ашушаң</i>	2,2 %
<i>әккі</i>	1,1 %
<i>ұсқынсыз</i>	1,1 %

Әзербайжан ғалымы Т.Джалилованың айтуынша, белгілі бір хайуан аты әр тілдің өз мәдени ортасына сай әр алуан ассоциациялар тудыруы әбден мүмкін [13, 13]. Себебі әлемнің тілдік бейнесі мәдени-тарихи, әлеуметтік-этникалық, шаруашылық-географиялық, халықтық-поэтикалық, мифологиялық, т.б. аспектілерден құралады. Мәселен, әзербайжан тіліндеге «газ» зоонимі тілде ауыспалы мағынада «тазалықты» білдіретін жағымды мағынаға ие («газа бәнзәр гыз-кәлин» Қорқыт ата кітабынан). Автордың айтуынша, бұл сөздің жағымсыз мәнде жұмсалыуы ХХ ғасырда орыс тілінің жиі қолданыста болу әсерінен болды. Сондай-ақ «байғуш» сөзі әзербайжан мәдениетінде бақытсыздықты білдірсе, орыс мәдениетінде данышпандықтың символы есепті. Демек әлемді эмоционалды тұрғыдан қабылдаудың субъективті, объективті факторларына және жағдаяттық мәнмәтінге қарай эмоционалды-бағалауыштық лексиканы екі топқа бөліп қарастыруға болады: біріншісі – әлеуметтік лексика; екіншісі – ішкі сезімді, эмоцияны, эмотивті коннотацияны білдіретін жеке тұлғалық қор лексикасы. Байқағанымыздай, алғашқы топқа сөздіктерде сақталған тұрақты сөздер жатқызылса, екіншісі тұрақсыз, қолданушысына тәуелді сөздер кіреді [13, 10]. Сондай-ақ сауалнама бойынша «байғұстың» түрік мәдениетінде де эмотивті мәнде жиі қолданылатынын көрсетті.

### ТАЛҚЫЛАУ

Зерттеу нысанына алынған тілдегі зооним негізді лексиканың коннотациялық ерекшеліктері туралы білім – тіларалық мәдени құзыреттіліктің негізінде жататын күрделі білім. Тілде эмоцияның бейнеленуінің ұлттық-мәдени ерекшеліктерімен қатар, оның берілу жолдары, құралдары, эмоцияны білдіруге адресант тарапынан таңдалатын тілдік бірліктер де маңызды. Ол бірліктерді жіктеуге болады. Ол белгілі сөз табынан не фразеологизм, не тіпті түрлі атаулар да болады. Қазақ тілінде ғана емес, барлық тілде тыңдаушыға бағыттап өз қатынасы, дәл сол кездегі оған деген сезімін, эмоциясын дөп түсіп айтуда зоонимдер өте белсенді қолданылады. Түрік тілі мен қазақ тілінің шығу негізі бір. Десек те тілдің қалыптасу кезеңінен, ажыраған кезеңіне дейін, ажыраған кезеңінен бірегейленген, белгілі ортаның ресми тіліне айналғанға дейін сол тіл қолданушыларының мәдени, ұлттық, географиялық, әлеуметтік және тарихи өзгерістерге ұшырайтыны тағы бар. Сондықтан түркі тілдеріндегі мұндай ортақтықтар мен айырмашылықтарды анықтау ең әуелі екі түркі тілі арасындағы қатынас үшін ерекше қолайлылық тудыратыны сөзсіз.

Түрік тілі өкілдерінен алған сауалнама нәтижесі бұл хайуанның түрік мәдениетінде көбіне жағымды эмоциялармен қабылданатынын көрсетті. Бұл қазақ мәдениетінде де иттің адал дос, жеті қазынаның бірі, үй хайуаны ретінде түсініктер қалыптастыруымен сәйкестік табады. Қос тілде де иттің адамнан айырмашылығы кемшілігі ретінде танылып, жағымсыз мәнде арамдықтың, арамгер еңбектің, жауыздықтың да теңіне айналып кететін тұстары көп. Жоғарыда айтқан ойларымызды түрік тіліндегі мысалдармен бекітеміз:

*Köpek gibi çalıştırılıyorz (Ит қып жұмсайды бізді.)*

*Niye kızdın ki, köpek gibi dalaşma. (Неге ашуланасың ал, итке ұқсап таласпа.)*

*Bir köpek sadakatıyla bağlıydı. (Иттей адал еді.)*

*Yine ne itlikler peşindedin kim bilir (Тағы қандай иттік жасамақсың?)*

*Köpek gibi davranma! (Иттік жасама.)*

*köpek gibi açım-susadım! (Ит болдым: қарным аш.)*

*"Bir köpeğin dostluğu, bir dostun köpekliğinden iyidir." (Yılmaz Güney) (Бір иттің достығы бір достың иттігінен игі.)*

*Sadıktı tıpkı köpeğim gibi sadece beni biliyordu. (Адал еді, итімдей адал.)*

*Köpek bile yal yediği kaba pislemez. (Иткеиш ит те су ішкен аяғына түкірмес.)*

*Köpek, ekmek yediği karıyı tanır (Ит нан жеген есігін таныр.)*


*Seni burda köpek gibi gebertmek istiyorum. (Сені осы жерде итше буындырып өлтіргім келеді.)*

Қазақ, түрік тілдерінің тілдік деректері бойынша, зоонимдердің эмосемалық сипатының ортақ сипаты болуымен қатар өзіндік ерекшеліктерін де байқадық. Яғни тілдер қандай

туыстық не туыстық емес байланыста болмасын, тіл қолданушысының өзіндік тәжірибесі, дүнитанымы, білімі, лексиконы әртүрлі болуына орай, зоонимдердің де эмотивті коннотациялары да әрқилы. Мұндай жағдайда әр тіл өкілдерінің ортақ нүктесін табу арқылы жеке-жеке түсінік, сурет үзінділерінің тіл-тілде басқаша болу себебі бір құбылысты қабылдаудағы, танудағы, бейнелі ойлаудағы ұлттық ерекшеліктеріне қатысты болатынын дәлелдедік.

С.Г.Тер-Минасова әлемнің тілдегі бейнесі сол тілде сөйлейтін халықтың ұжымдық шығармашылығынан туындап, әрбір ұрпақ ана тілі арқылы ұлттық мінез-құлық, дүниетаным, мораль және т.б. құралған мәдениеттің толық жиынтығын бойына сіңіретіндігін айтады [16].

Зоонимдік лексиканың эмотивті әлеуетін талдау барысында оның да белгілі бір ұлттың ұлттық мінез-құлқын бейнелеп қана қоймай, қалыптастыруға да атсалысатындығын байқадық. Зерттеу барысында респонденттерден сұралған тағы бір сұрақ – әр ұлттың өзіндік мәдени ерекшеліктеріне, стереиптеріне, мінез-құлқына сай эмоцияны жеткізуге ең жиі қолданылатын хайуан аттарын атау болды. Нәтижесінде түріктердің эмоциялық реңкте көп қолданылатын хайуандар – *ит (14.8)*, *есек (11.7)*, *қасқыр (9.9)*. Сонымен қоса жиі қолданылатын *аю*, *қой*, *арыстан*, *ешкі*, *мысық*, *жылан*, *шибөрі*, *өгіз*, *сиыр*, *түлкі* қос мәдениетке де ортақ екендігі байқалды (1-диаграмма).



**1-диаграмма. Түрік халқының зоонимдерді қолдану ерекшеліктері.**

*çakal-шибөрі, it (көрек) - ит (күшік), kedi - мысық, yılan - жылан, keçi - ешкі, öküz - өгіз, inek - сиыр, koyun - қой, ayı - аю, eşek - есек, kurt - қасқыр, aslan - арыстан, tilki - түлкі*

Ал қазақ мәдениеті өкілдері жоғарыда аталған сауалнамаға келесідей жауап бергенін көруімізге болады, яғни ұлтымыздың өзіндік мәдени ерекшеліктеріне, стереиптеріне, мінез-құлқына сай эмоцияны жеткізуге ең жиі қолданылатын зоонимдер ретінде *жылқы*, *қасқыр*, *қой* аталса, кей жағдайда *түйе*, *арыстан*, *бүркіт*, *құмырсқа*, *қар барысы* секілді жануар атауларының қолданысын да көрсеткен. Зерттеуші С.М. Аругюнян «ұлттық мінез немесе «ұлттың психологиялық қалпы» ұғымдарын қарастыра отырып, ұлттық мінездің мынадай сипаттамасын ұсынады: «ұлттың тарихи дамуының ерекшелігімен, материалдық өмір ықпалымен қалыптасатын, оның мәдениетінен көрінетін ұлттық әдеттер мен дәстүрлердің, ойлар мен әрекет түрлерінің, сезімдер мен эмоциялардың өзгеше ұлттық көрінісі» [15]. Ғалым Шаховский (2008) ұлттық-мәдени тұрғыдан эмотивті коннотацияларды үш типке бөліп қарастырады: екі тіл арасындағы коннотациялық сәйкестік; екі түрлі эмоционалдық қатынас (сәйкессіздік); бір тілдегі эмотивті коннотацияның екінші бір тілде болмауы (нөлдік коннотация) [13].

Сонымен белгілі хайуан аттары әрбір тілде эмотивті қызмет атқара алады. Бір хайуан атының бір адамға қатысты не жағымды, не жағымсыз мәнде қолданыс тауып, лебізге қатыстырылуы бекер емес. Демек адам өз лебізінің қуатын (эмотивті), өтімділігін арттырып, тыңдаушыға ішкі сезімін дәл жеткізгісі келгенде, өзінің тілдік-мәдени тәжірибесіне сүйеніп, эмотивті қорын талғай қолданады. Сондықтан да тіл тілдегі мұндай үдерістерді зерттегеніміз – тілаларлық қатынастағы ортақтарды ашып қана қоймай, әр тіл қолданушысының лебізін дәл

түсінуге ықпал жасайтын амал-тәсілдер мен модельдерді жарыққа шығару мүмкіндігін ұсынады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Тілдегі зоонимдердің, зооним компонентті тіркестердің эмотивті қызметте қолданылуын, олардың құрылымдық семантикалық ерекшеліктерін сипаттау олардың негізгі (кілттік) компонентінің статусын қайта қарауымызға, қазіргі тілдік қолданыстағы белсенділігі мен мәдени танымдық мазмұнына мән беруімізге мүмкіндік берді. Бұл мәселе – тіларалық қатынас, лингвомәдениеттану, сөз таңдау тұрғысынан лингвистердің арасында қазіргі кезеңде ең көп талқыланатын мәселелердің қатарында. Мақалада түрік және қазақ тіліндегі зооним негізді эмотивтердің тілдесім кезіндегі ситуацияға әсерін анықтау, эмотивтердің ұлттық-мәдени ерекшеліктері мен сөздің эмотивті әлеуетін көрсету. Осыған орай 300 респонденттен негізгі 15 хайуан атына (сиыр, ит, мысық, түлкі, қасқыр, т.б) қатысты лингвомәдениеттік мазмұндағы сауалнама алынып, соның ішінде мысық, ит, аққу зоонимдеріне нәтижелері ұлттық-мәдени, лингвистикалық, семантикалық тұрғыдан талданды. Сондай-ақ мысалдар ағылшын мәдени тілдік материалдарымен салыстырылды. Яғни мақалада сауалнама жүргізу, семантикалық талдау, концептуалды, статистикалық талдау, тематикалық анализ, салыстыру, салғастыру әдістері мен тәсілдері қолданыс тапты.

Респонденттердің сауалнамада берген сөйлем, фразеологизм, мақал-мәтелдерден мысалдары, эмотивтердің тілдесімдегі жанды қолданыс күйін анықтауға ерекше ықпал етті. Жұмыс нәтижесінде ағылшын, түрік, қазақ тіліндегі эмотивті зоонимдердің доминант мағынасы мен эмотивті-коннотациялық мағыналары, тіл мен мәдениет тоғысындағы эмотивтердің сөздіктерде, анықтағыштарда берілмейтін тілдесімдегі рөлі мен қызметі, қолданылу мәні ашылды. Зерттеу мақаласында тілдердегі эмоцияны білдіру, зоонимдерді қолдану ерекшеліктері (актив-пассив), олардың негативті және позитивті семалары, тілдегі адам психологиясы мен эмоциясы көрінісінің сөз болуы паралингвистикалық, мәдени, антропоцентристік тұрғыдан тақырыптың өзектілігі мен құндылығын арттыра түседі.

Лингвомәдени ортада қандай да бір тілдегі эмотивтердің нақты білу мүмкін емес. Тілдегі әр сөздің реңкі әр алуан: жағдаятқа, жеке тұлғалық ерекшеліктер, жеке сөздің қор, тәрбие, темперамент, тілдік ортаның өзіндік ерекшеліктері, ұлттық ерекшеліктер, т.б. Соған орай айтушы мен қабылдаушының да сөз талғау ерекшеліктері ішкі күйдің сыртқа білдірілу деңгейіне қарай болады. Осы сынды мәселелер, эмоционалды түсінік пен эмоционалды айтылысты түсіну мәселесі терең зерттеуді талап ететінін байқаймыз.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Gottfried J. *Philosophical Writings*. – Cambridge: Cambridge University Press, 1969. – 436 p.
- 2 Goddard C., Wierzbicka A. *Words and Meanings: Lexical Semantics Across Domains, Languages and Cultures*. – Oxford University Press, 2016. – 316 p.
- 3 Шаховский В.И. Эмоции: Долингвистика, лингвистика, лингвокультурология. – Волгоград, 2010. – 128 с.
- 4 Иманалиева Ғ.Қ. Қазақ тіліндегі эмоционалды құрылымдар. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 255 б.
- 5 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Елтаным, 2010. – 244 б.
- 6 Alba-Juez L., Larina T. Language and Emotion: Discourse-Pragmatic Perspectives. *Russian Journal of Linguistics*, 22(1), 2018. – 9–37 p. <https://doi.org/10.22363/2312-9182-2018-22-1-9-37>
- 7 Шаховский В.И. Язык и эмоции в аспекте лингвокультурологии: учебное пособие. – Волгоград: Издательство ВГПУ «Перемена», 2009. – 158 с.
- 8 Zhenduo W., Qingyao A. Simulating and Modeling the Risk of Conversational Search, *ACM Transaction on Information Systems*, 2022. – 7–23 p.



- 9 Вежбицкая А. Семантические универсалии и описание языков. – М: «Языки русской культуры», 1999. – 780 с.
- 10 Vanhatalo U., Tissari H., Lilja T., Vehkalahti, K., Siironen M. Something Bad Can Now Happen to Me Here: Meaning Components of Emotion Words, SKY Journal of Linguistics, 2019. – 145–179 p.
- 11 Hartmann M., Lenggenhager B., Stocker K. Happiness Feels Light and Sadness Feels Heavy: Introducing Valence-Related Bodily Sensation Maps of Emotions, Psychological Research, 87(1), 2023. – 59–83 p.
- 12 Зоонимнің эмотивті коннотациясы. Қазақ, түрік, әзербайжан тілі өкілдерінен алынған сауалнама материалдары, 2023 (Excel нұсқада).
- 13 Джалилова Т.А. Эспрессивность в азербайджанском языке и лексические средства ее выражения: автореферат дис. ...кандидата филологических наук. – Баку, 1992. – 65 с.
- 14 Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 320 б.
- 15 Арутюнян С.М. Нация и ее психический склад. – Краснодар, 1966. – 271 с.
- 16 Sultanzade V. Türk Dilleri ve Lehçeleri Arasında Benzeşimler Sözlüklerinin Hazırlanmasının Yöntem ve Prensipleri. Bahçeşehir Üniversitesi, Türkiye’de ve Dünyada Sözlük Yazımı ve Araştırmaları Uluslararası Sempozyumu, 4-6 Kasım. – İstanbul, 2010. – 52-56 p.
- 17 Babina L.V., Dolgova E.V. Interpretive Potential of Zoonyms in English Phraseological Units, Voprosy Kognitivnoy Lingvistiki, 2022, – 64–73 p. <https://doi.org/10.20916/1812-3228-2022-2-65-73>
- 18 Sarsembayeva A., Tulenbergenova N., Assanova G., Kalibekuly T., Esenalieva Z. English Idioms Describing a Person’s Character, XLinguae, 11(3), 2018, – 166–175 p. doi:10.18355/XL.2018.11.03.16

Материал 19.08.2023 баспаға түсті

### **«Вот ты какая, собака сутулая!» – какова эмотивная коннотация имен зверей в казахско-турецких языках?**

Д.Ж.Оспанова<sup>1</sup>, А.Ж.Раева<sup>1</sup>, Т.Акташ Озкан<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, 010000, Республика Казахстан

<sup>2</sup>Измирский демократический университет, Измир, 35000, Турция

*Статья посвящена анализу эмотивной коннотационной семантики имен зверей на казахском и турецком языках. Когда ученые формулируют мысли о взаимосвязи между языком и эмоциями, они обычно отдают предпочтение словам, описывающим эмоции. А в этой исследовательской статье мы показали, что эмоции образуют связь с различными структурами языка, начиная от языковых звуковых форм и заканчивая лексикой и семантикой, а также выражением в языке. Цель статьи – выявить влияние зоонимических эмотивов на ситуативность при общении на казахском и турецком языково-культурном поле, показать потенциал эмотивов, эмоциональный тон каждого слова, соответствующий двум различным культурным инстинктам. В связи с этим для указанной цели были использованы методы анкетирования, контент-анализа, тематического анализа, статистического анализа, обобщения, контроля, дифференциации, описания, сравнения и др. лингвокультурологические, психолингвистические подходы. То есть в качестве материала работы были взяты и проанализированы результаты опроса 158 казахов, 144 турецких представителей (всего – 302). Анализ эмотивных зоонимов в этом направлении интересен и лингвистически актуален с открытием национально-культурных различий и особенностей эмотивов, копирующих на себя особенности поведения известного животного и тем самым дающих определенные положительные, нейтральные или отрицательные эмоции. В результате работы мы показали, на каком языке имя какого зверя используется в наиболее*

*частой и эмоциональной деятельности, особенности культурно-национального использования каждого из них.*

*Ключевые слова: эмотив, эмотивность, коннотация, зооним, тюркские языки, казахский язык.*

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 19 Gottfried J. *Philosophical Writings*. – Cambridge: Cambridge University Press, 1969. – 436 p.
- 20 Goddard C., Wierzbicka A. *Words and Meanings: Lexical Semantics Across Domains, Languages and Cultures*. – Oxford University Press, 2016. – 316 p.
- 21 Шаховский В.И. Эмоции: Долингвистика, лингвистика, лингвокультурология. – Волгоград, 2010. – 128 с.
- 22 Иманалиева Г.К. Эмоциональные структуры в казахском языке. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 255 с.
- 23 Смагулова Г. Национально-культурные аспекты семантических фразеологизмов. – Алматы: Елтаным, 2010. – 244 с.
- 24 Alba-Juez L., Larina T. Language and Emotion: Discourse-Pragmatic Perspectives. *Russian Journal of Linguistics*, 22(1), 2018. – 9–37 p. <https://doi.org/10.22363/2312-9182-2018-22-1-9-37>
- 25 Шаховский В.И. Язык и эмоции в аспекте лингвокультурологии: учебное пособие. – Волгоград: Издательство ВГПУ «Перемена», 2009. – 158 с.
- 26 Zhenduo W., Qingyao A. Simulating and Modeling the Risk of Conversational Search, *ACM Transaction on Information Systems*, 2022. – 7–23 p.
- 27 Вежбицкая А. Семантические универсалии и описание языков. – М: «Языки русской культуры», 1999. – 780 с.
- 28 Vanhatalo U., Tissari H., Lilja T., Vehkalahti, K., Siironen M. Something Bad Can Now Happen to Me Here: Meaning Components of Emotion Words, *SKY Journal of Linguistics*, 2019. – 145–179 p.
- 29 Hartmann M., Lenggenhager B., Stocker K. Happiness Feels Light and Sadness Feels Heavy: Introducing Valence-Related Bodily Sensation Maps of Emotions, *Psychological Research*, 87(1), 2023. – 59–83 p.
- 30 Эмотивная коннотация зоонима. Материалы анкетирования представителей казахского, турецкого, азербайджанского языков, 2023 (Excel).
- 31 Джалилова Т.А. Эспрессивность в азербайджанском языке и лексические средства ее выражения: автореферат дис. ...кандидата филологических наук. – Баку, 1992. – 65 с.
- 32 Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. – Алматы: Национальное бюро переводов, 2018. – 320 с.
- 33 Арутюнян С.М. Нация и ее психический склад. – Краснодар, 1966. – 271 с.
- 34 Sultanzade V. *Türk Dilleri ve Lehçeleri Arasında Benzeşimler Sözlüklerinin Hazırlanmasının Yöntem ve Prensipleri*. Bahçeşehir Üniversitesi, Türkiye’de ve Dünyada Sözlük Yazımı ve Araştırmaları Uluslararası Sempozyumu, 4-6 Kasım. – İstanbul, 2010. – 52-56 p.
- 35 Babina L.V., Dolgova E.V. Interpretive Potential of Zoonyms in English Phraseological Units, *Voprosy Kognitivnoy Lingvistiki*, 2022, – 64–73 p. <https://doi.org/10.20916/1812-3228-2022-2-65-73>
- 36 Sarsembayeva A., Tulenbergenova N., Assanova G., Kalibekuly T., Esenalieva Z. English Idioms Describing a Person’s Character, *XLinguae*, 11(3), 2018, – 166–175 p. doi:10.18355/XL.2018.11.03.16

Материал поступил в редакцию журнала 19.08.2023

## "It's a dog's life!" – what is the emotive connotation of the names of animals in the kazakh-turkish languages?

D.Ospanova<sup>1</sup>, A.Rayeva<sup>1</sup>, T.Aktaş Ozkan<sup>2</sup>

<sup>1</sup>L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan

<sup>2</sup>Izmir Democratic University, Izmir, 35000, Turkey

*The article delves into the emotive connotational semantics of animal names in Kazakh and Turkish, showing strong connection between language and emotions. While researchers often focus on words directly related to emotions, this study reveals how emotions are intertwined with various linguistic structures, spanning from phonetic forms to vocabulary and semantics, and expressed through language. The primary aim is to elucidate the influence of zoonymic emotives on situational contexts in Kazakh and Turkish linguistic and cultural domains, highlighting the emotive potential and emotional nuances corresponding to two distinct cultural contexts. Employing methods such as questioning, content analysis, thematic analysis, and statistical analysis, alongside linguacultural and psycholinguistic approaches, the study analyzes data from 158 Kazakh and 144 Turkish participants (totaling 302 participants). By investigating emotive zonyms, the research uncovers national and cultural disparities, revealing how animal names evoke varied positive, neutral, or negative emotions reflective of cultural instincts. The findings explain the frequency and emotional intensity associated with animal names in each language, elucidating the cultural and national peculiarities in their usage. Ultimately, the study contributes to a deeper understanding of the emotive dimensions of language and cultural differences manifested through the naming of animals.*

*Key words: emotive, emotive, connotation, zonym, Turkic languages, Kazakh language.*

### REFERENCES

- 1 Gottfried J. Philosophical Writings. – Cambridge: Cambridge University Press, 1969. – 436 p.
- 2 Goddard C., Wierzbicka A. Words and Meanings: Lexical Semantics Across Domains, Languages and Cultures. – Oxford University Press, 2016. – 316 p.
- 3 Shahovskij, V.I. *Emocii: Dolvingvistika, lingvistika, lingvokul'turologiya* [Emotions: Pre-linguistics, linguistics, linguoculturology]. – Volgograd, 2010, – 128 p.
- 4 İmanalieva, Ğ.Q. *Qazaq tilindegi emosionaldy qūrylymdar* [Emotional structures in the Kazakh language], jalpy red.basq. R.Ämir. – Almaty: Qazaq universiteti, 2011. – 255 p.
- 5 Smağūlova, G. *Mağynalas frazeologizmderdıñ ūlttyq-mädeni aspektleri* [National and cultural aspects of semantic phraseology], 2010. – Almaty: Eltanym, – 244 p.
- 6 Alba-Juez L., Larina T. Language and Emotion: Discourse-Pragmatic Perspectives. Russian Journal of Linguistics, 22(1), 2018. – 9–37 p. <https://doi.org/10.22363/2312-9182-2018-22-1-9-37>
- 7 Shahovskij, V.I. *Yazyk i emocii v aspekte lingvokul'turologii: uchebnoe posobie* [Language and emotions in the aspect of linguoculturology: a study guide]. – Volgograd: Izdatel'stvo VGPU «Peremena», 2009, – 158 p.
- 8 Zhenduo W., Qingyao A. Simulating and Modeling the Risk of Conversational Search, ACM Transaction on Information Systems, 2022. – 7–23 p.
- 9 Vezhbickaya A. *Semanticheskie universalii i opisanie yazykov* [Semantic universals and language descriptions], – M: «Yazyki russoj kul'tury», I -III, 1999. – 780 p.
- 10 Vanhatalo U., Tissari H., Lilja T., Vehkalahti, K., Siironen M. Something Bad Can Now Happen to Me Here: Meaning Components of Emotion Words, SKY Journal of Linguistics, 2019. – 145–179 p.
- 11 Hartmann M., Lenggenhager B., Stocker K. Happiness Feels Light and Sadness Feels Heavy: Introducing Valence-Related Bodily Sensation Maps of Emotions, Psychological Research, 87(1), 2023. – 59–83 p.
- 12 The emotive connotation of the zonym. Materials of the survey of representatives of the Kazakh, Turkish, Azerbaijani languages, 2023 (Excel).

- 13 Dzhaliilova, S. *Razvitie obraznosti v frazeologicheskom tvorchestve (na materiale yazyka Fizuli)* [The development of imagery in phraseological creativity (based on the material of the Fuzuli language)], *Issledovanie-2*, – Baku, 2002, – 61-67 p.
- 14 Ter-Minasova, S.G. *Til jäne mädenietaralyq komunikasia* [Language and intercultural communication]. Almaty: Ülttyq audarma bürosy, 2018. – 320 p.
- 15 Arutyunyan, S.M. *Naciya i ee psihicheskij sklad* [The nation and its mental warehouse], – Krasnodar, 1966, – 271 p.
- 16 Sultanzade V. *Türk dilleri ve lehçeleri arasında benzeşimler sözlüklerinin hazırlanmasının yöntem ve prensipleri* [Methods and principles of the preparation of dictionaries of analogies between Turkish languages and dialects], Bahçeşehir üniversitesi, Türkiye’de ve dünyada sözlük yazımı ve araştırmaları uluslararası sempozyumu 4-6 Kasım, – İstanbul, 2010, – 52–56 p.
- 17 Babina L.V., Dolgova E.V. Interpretive Potential of Zoonyms in English Phraseological Units, *Voprosy Kognitivnoy Lingvistiki*, 2022, – 64–73 p. <https://doi.org/10.20916/1812-3228-2022-2-65-73>
- 18 Sarsembayeva A., Tulenberganova N., Assanova G., Kalibekuly T., Esenalieva Z. English Idioms Describing a Person’s Character, *XLinguae*, 11(3), 2018, – 166–175 p. doi:10.18355/XL.2018.11.03.16

Received: 19.08.2023